

**Табиғи өсетін, өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерін жер участкерінің меншік иелеріне, жер пайдаланушылар мен су пайдаланушыларға күзетуге беру қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 23 ақпандағы № 63 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 2 наурызда № 32003 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 07.03.2023 бастап қолданысқа енгізіледі**

"Осімдіктер дүниесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 11) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Табиғи өсетін, өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерін жер участкерінің меншік иелеріне, жер пайдаланушылар мен су пайдаланушыларға күзетуге беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық реңми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2023 жылғы 7 наурыздан бастап қүшіне енеді және реңми жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасы  
Экология және табиғи ресурстар министрі

З. Сулейменова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Экология және табиғи  
ресурстар министрі  
2023 жылғы 23 ақпандығы  
№ 63 бұйрығымен  
бекітілген

**Табиғи өсетін, өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі тәнген түрлерін жер участекелерінің меншік иелеріне, жер пайдаланушылар мен су пайдаланушыларға күзетуге беру қағидалары**

## **1 тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы табиғи өсетін, өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі тәнген түрлерін жер участекелерінің меншік иелеріне, жер пайдаланушылар мен су пайдаланушыларға күзетуге беру қағидалары (бұдан әрі – қағидалар) "Өсімдіктер дүниесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – заң) 9-бабы 1-тармағының 11) тармақшасына сәйкес әзірленді және табиғи өсетін, өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі тәнген түрлерін жер участекелерінің меншік иелеріне, жер пайдаланушылар мен су пайдаланушыларға күзетуге беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) өсімдіктер – тамырлы, мұқ тәрізді өсімдіктер, балдырлар, сондай-ақ қыналар мен санырауқұлақтар;

2) өсімдіктер дүниесін күзету – өсімдіктер дүниесін сақтау, өрттердің, өсімдіктер дүниесін заңсыз пайдаланудың және Қазақстан Республикасының заңнамасын өзге де бұзушылықтардың профилактикасы және оларға қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар жиынтығы;

3) өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

4) өсімдіктер дүниесін қорғау – өсімдіктер дүниесін зиянкестерден, аурулардан, табиғи және антропогендік сипаттағы қолайсыз факторлардың әсерінен қорғау жөніндегі іс-шаралар кешені.

3. Жер участекелерінің меншік иелеріне, жер пайдаланушыларға және су пайдаланушыларға (бұдан әрі - меншік иелері) қорғауға беруге ауданы кемінде 0,01 гектар шөптесін өсімдіктер топтары, өсімдіктердің сирек кездесетін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 қазандағы № 1034 қаулысымен бекітілген Құрып кету қаупі тәнген түрлерінің тізбесіне енгізілген жекелеген ағаштар, бұталар және олардың топтары жатады.

**2 тарау. Табиғи өсетін, сирек кездесетін және жойылыш кету қаупі төнген өсімдік түрлерін жер участекелерінің меншік иелеріне, жер пайдаланушылар мен су пайдаланушыларға құзетуге беру тәртібі**

4. Меншік иелері Заңның 23 және 26-баптарына және өсімдіктер әлеміне түгендеу жүргізу қағидаларына сәйкес оларға бекітілген участекелерде өсімдіктер дүниесін түгендеуге қатысады.

5. Уәкілетті органның ведомствоны Заңның 11-баптың 1), 2), 7) және 8) тармақшаларында, 11-баптың 1), 2), 7) және 8) тармақшалары, 12-бабының 3-тармағы, 13, 14 және 15-баптары, 16-бабының 2-тармағында көзделген шараларды қабылдау үшін өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің таралуының табиғи ареалы шекараларында жүргізілетін түгендеу мен ғылыми зерттеулердің деректерін және ведомствоаралық ботаникалық комиссияның қорытындыларын жергілікті атқарушы органдардың қарауына он күн мерзімде жібереді.

6. Жергілікті атқарушы органдар бір ай мерзімде меншік иелеріне олардың участекелерінде анықталған сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген өсімдік түрлері туралы ақпаратты меншік иелеріне күзетке беру үшін, сирек кездесетін және Құрып кету қаупі төнген өсімдік түрлерін күзетке беру шартын (бұдан әрі – шарт) қоса бере отырып жібереді.

7. Шартта күзетке берілетін сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген өсімдік түрлерінің орналасу участекесінің картосхемасы, өсімдіктің (өсімдіктер тобының) атауы (қазақ, латын, орыс тілдерінде) және сипаттамасы және олардың жай-күйі, саны, алып жатқан ауданы (га), участекенің нақты координаттары, занда көзделген Тараптардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі көрсетіледі және азаматтық заңнамамен.

8. Меншік иелері бір ай мерзімде заңға сәйкес өсімдіктер дүниесін қорғау және қорғау жөнінде шаралар қабылдауды көздейтін шартқа қол қояды немесе шарт жасасудан бас тартады.